



Автор: Уристенбекова Арайлым Асхатқызы

Пән: Математика

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Өрнектер және тепе-теңдіктер

Тақырып: Ұқсас қосылғыштар. Ұқсас қосылғыштарды біріктіру

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.2.1.7 алгебралық өрнектерде ұқсас қосылғыштарды біріктіре білу
Сабақтың мақсаты:	- алгебралық өрнектерде ұқсас қосылғыштарды біріктіруді есептер шығару арқылы меңгерту;
Тілдік мақсаттар:	Оқытудың тілдік мақсаты • ұқсас мүшелерді біріктіруді түсіндіреді; • алгебралық өрнектің коэффициентін қалай анықтайтынын түсіндіреді. Пәнге қатысты лексика мен терминология: • айнымалы; • коэффициент; • ұқсас мүшелер; • әріпті өрнектің мәні; • өрнектерді ықшамдау. Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер: • әріпті бөлігі бірдей қосылғыштарды ... деп атайды; • ұқсас мүшелерді қосу үшін ...; • егер жақшаның алдында «минус» таңбасы тұрса, онда ...; егер жақшаның алдында «плюс» таңбасы тұрса, онда
Күтілетін нәтиже:	- Ұқсас мүшелерді анықтай алады - Алгебралық өрнектерді ықшамдай алады
Бағалау критерийлері:	• Ұқсас мүшелерді анықтайды • Алгебралық өрнектерді ықшамдайды
Құндылықтарды дарыту:	Жұпта жұмыс жасау арқылы бір-біріне құрмет құндылығын, бірін-бірі тексеру арқылы академиялық адалдық құндылығын, видеоны тыңдап, өз ойын түйіндеу арқылы үздіксіз оқу құндылығын дарыту.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	https://bilimland.kz/
Пәнаралық байланыс:	Осы сабақта алған білімдері шынайы және физикалық процесстердің математикалық модельдерін құрастыру үшін қажет.
Бастапқы білім:	Әріпті өрнек туралы түсінігі бар. Есептің шарты бойынша әріпті өрнекті құрастыра алады. Әріпті өрнектердің мәндерін таба алады. Бүтін өрнектерді түрлендірулерді орындай алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру. Амандасу. Сыныпты түгелдеу. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Топқа бөлу (а, в, х, у). (Видеотүсіндіру) (bilimland.kz/kk сайтынан) - оқушылардың назарын шоғырландыру үшін «Сұрақтар топтамасы» ширату әдісі қолданылады 1) әріпті өрнек дегеніміз не? 2) санды өрнек дегеніміз не? 3) айнымалы дегеніміз не? 4) коэффициент дегеніміз не? 5) жақшаларды ашу ережесі қандай? Күтілетін нәтиже: - Ұқсас мүшелерді анықтай алады - Алгебралық өрнектерді ықшамдай алады	https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/6-synyp/koeffficient-uqsas-qosylhshtar-uqsas-qosylhshtardy-biriktiru?mid=ee48c7b0-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>1- тапсырма: «Кім жылдам» әдісі. Жеке жұмыс $5a - 3b - 8a + 12b - 9$ алгебралық өрнегінің төменде берілген элементтері мен атауларын сәйкестендіріңіз. 1 5a мен (- 8a) А коэффициент 2 - 3b мен 12 b Ә бос мүше 3 5; -3; -8; 12 Б ұқсас қосылғыштар 4 -9 В «Өзін-өзі бағалау» 2-тапсырма: «Ойлан-Жұптас-Бөліс»әдісі. Жұптық жұмыс (bilimland.kz/kk сайтынан) Өрнектерді ықшамдаңыз: Дескриптор: - ұқсас мүшелерді анықтайды; - ұқсас мүшелерді біріктіреді; - өрнекті ықшамдайды «Ауызша» өзара бағаланады 3-тапсырма: «Қазына іздеу жолында» әдісі. Топтық жұмыс (bilimland.kz/kk сайтынан) А-1; В-2; Х- 3; У- 4 тапсырма Дескриптор: - жақшаларды ашады; - ұқсас мүшелерді біріктіреді; - өрнекті ықшамдайды; - өрнекті қарапайым түрге келтіреді. «Түсіндірме арқылы бағалау» әдісі арқылы бағаланады.</p>	<p>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/6-synyp/koefficient-uqsas-qosylhyshtar-uqsas-qosylhyshtardy-biriktiru?mid=ee48c7b5-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe</p>
Сабақтың соңы	<p>Сабақты қорытындылау Алған білімдерін жинақтап қорытындылау үшін (bilimland.kz/kk сайтынан) тест жұмысын орындау.</p>	<p>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/6-synyp/koefficient-uqsas-qosylhyshtar-uqsas-qosylhyshtardy-biriktiru?mid=ee48c7b6-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe</p>
Рефлексия	<p>Сабақ соңындағы оқушылардың рефлексиясы: «Ақиқат, жалған» әдісі арқылы алынады Ақиқат Жалған Жақша алдында «-» таңбасы болса, жақшаны ашқанда жақша ішіндегі қосылғыштардың таңбалары қарама-қарсы таңбамен алмастырылады Жақша алдында «+» таңбасы болса, жақшаны ашқанда жақша ішіндегі қосылғыштардың таңбалары қарама-қарсы таңбамен алмастырылады $8a+1$ өрнегінің мәні 9-ға тең. Кез келген сандық өрнекке сандық мән табуға болады</p>	